

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ

« 04 » _____ 01 _____ 2024 г.

Бұдан әрі «1-Тарап» деп аталатын «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Шакешев Бекболат Теміржанұлы бірінші жақтан және бұдан әрі «2-Тарап немесе Серіктес жоғары оқу орны» деп аталатын «Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бисенов Кылышбай Алдабергенович екінші жақтан, бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, төмендегі мазмұндағы осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Шарттың мәні Тараптардың білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастығы, сондай-ақ озық тәжірибені пайдалану және ғылыми әзірлемелерді оқу үдерістеріне енгізу, академиялық және ғылыми байланыстар орнату, ғылыми әлеуетті дамыту және теңдік, өзара тиімділік, өзара түсіністік, құрмет пен сенім қағидаттары негізінде мамандарды кәсіби даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

2. ШАРТТЫҢ МАҚСАТЫ

2.1. Осы Шарттың мақсаты Тараптар арасында ғылым мен білім саласында және өзара қызығушылық тудыратын салаларда өзара тиімді ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату болып табылады.


3. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Осы Шартты іске асыру мақсатында Тараптар ынтымақтастықтың келесі бағыттарын айқындайды:

- тиісті дайындық бағыттарының жіктелуі бойынша профессор-оқытушылар құрамымен, докторанттармен, магистранттармен және студенттермен академиялық алмасу: 6B011 Педагогика және психология, 6B012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 6B013 Пәндік мамандандырусыз мұғалімдерді даярлау, 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау, 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B032 Журналистика және ақпарат, 6B041 Бизнес және басқару, 6B111 Қызмет көрсету саласы, 6B042 Құқық, 6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 6B071 Инженерия және инженерлік іс, 6B072 Өндірістік және өңдеу салалары, 6B073 Сәулет және құрылыс, 6B113 Көлік қызметтері.

- ғылыми кеңесшілерді магистранттар мен докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту;

- жоғарыда аталған бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ғылыми алмасу;



- ғылым мен өндірістің өзекті бағыттары бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларды (бағдарламаларды) жүргізу;
- оқытушылардың, докторанттардың, магистранттардың ғылыми мақалаларын халықаралық деректер базасында индекстелетін басылымдарда және ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған журналдарда жариялауға жәрдемдесу;
- симпозиумдар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, телекөпірлер және т. б. ұйымдастыру және өткізу;
- оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді бірлесіп әзірлеу;
- бакалаврларды, магистрлерді, PhD докторларды және бейін бойынша докторларды даярлау негізінде бірлескен оқыту және тәжірибе алмасу;
- Тараптар базасында докторанттар мен магистранттар және студенттердің тағылымдамадан және кәсіби практикадан өтуі;
- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- осы Шарт шеңберінде ЖОО қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Тараптар бір-біріне оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға дәрістер мен семинарлар өткізу, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу үшін база ұсынады;

4.2. Тараптар келісілген тақырыпқа сәйкес ғылыми зерттеулер мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге өзара көмек көрсетеді;

4.3. Тараптар серіктес ғалымдарды бірлескен ҒЗЖ орындауға, ұжымдық ғылыми-әдістемелік жұмыстарды дайындауға тартады;

4.4. Тараптар басылымдарды ғылыми редакциялауға, сондай-ақ магистранттардың, докторанттардың және серіктес қызметкерлерінің жұмыстарына рецензиялауға қатысады;

4.5. Тараптар әріптестің білім алушылары мен қызметкерлеріне қатысу құқығын бере отырып, өткізілетін өңірлік, республикалық және халықаралық конференциялар туралы бір-бірін хабардар етеді;

4.6. Тараптар серіктес жоғары оқу орындары базасында ғылыми-педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау мүмкіндігін ұсынады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Шарт бойынша туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге міндеттенеді.

5.2. Тараптар шартты орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер шеңберінде кеңестер өткізе алады.

6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

6.1. Шарт мемлекеттік (қазақ) тілде, екі данада әр Тарап үшін бір данадан жасалды.



6.2. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шартты бұзуға ниет білдірмесе және бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, осы Шарт келесі 5 (бес) жылға ұзартылады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Тараптардың бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды), сондай-ақ осы Шарт шеңберіндегі басқа да міндеттемелерді іске асыру жөніндегі қаржылық өзара қарым-қатынастары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша шарттарда (келісімдерде) айқындалатын болады.

7.2. Осы бірлескен қызмет туралы шартта көзделмеген басқа да мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.3. Осы Шартқа Тараптар тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті»
ЖЖКББМ

Қазақстан Республикасы, 090000
Орал қ., Н. Назарбаев даңғ., 208
+7 (7112) 50-99-90;
reception@wkitu.kz

«Қызылорда ашық университеті»
білім беру мекемесі

Қазақстан Республикасы, 120016,
Қызылорда қ., Ф. Мұратбаев көшесі 72
+7 (7242) 24-60-47
kyzylordaopenuniversity@gmail.com



Ректор

Б.Т. Шакешев

(мөр орны)



Ректор

К.А. Бисенов

(мөр орны)



**«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» (Орал қ.)
және
«Қызылорда ашық университеті» (Қызылорда қ.)
арасындағы студенттермен академиялық алмасу (академиялық ұтқырлық)
туралы
№ 4 ШАРТ**

Бұдан әрі БҚИТУ деп аталатын «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор, қауымдастырылған профессор Шакешев Бекболат Темержанұлы, бірінші тараптан, және бұдан әрі Қызылорда ашық университеті деп аталатын «Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде қызмет ететін ректор Бисенов Кылышбай Алдабергенович, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», «Оқу орындары», «Әріптес университеттер» деп атала отырып, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес Тараптар Тараптардың білім беру бағдарламаларының тиісті дайындық бағыттарының жіктелуі бойынша төменде келтірілген алмасу бағдарламалары шеңберінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін тараптардың өзара тануы шартымен студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламаларын (бұдан әрі – алмасу бағдарламалары) ұйымдастырады және іске асырады: 6B011 Педагогика және психология, 6B012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 6B013 Пәндік мамандандырусыз мұғалімдерді даярлау, 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау, 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B032 Журналистика және ақпарат, 6B041 Бизнес және басқару, 6B111 Қызмет көрсету саласы, 6B042 Құқық, 6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 6B071 Инженерия және инженерлік іс, 6B072 Өндірістік және өңдеу салалары, 6B073 Сәулет және құрылыс, 6B113 Көлік қызметтері.

1.2. Алмасу бағдарламасы Тараптардың әрқайсысының ішкі ережелеріне сәйкес әзірленеді, бекітіледі және іске асырылады.

1.3. Тараптар бірлескен қызметтің заңнамалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Әрбір Тарап өзіне алған міндеттемелерді орындау үшін құқықтық мүмкіндіктердің болуына, Тарап қызметінің заңдылығын қамтамасыз ететін қажетті рұқсат құжаттарының және өзге де міндеттемелердің болуына кепілдік береді.

1.4. Осы Шартта пайдаланылатын терминология

1.4.1. «Алмасу» студенттермен алмасу дегенді білдіреді.

1.4.2. «Студенттер» немесе «Студент» алмасуға қатысатын бакалавриат және магистратура білім алушыларын білдіреді.

1.4.3. «Бағыттаушы ЖОО» студент негізгі білім беру бағдарламасы бойынша қабылданған Жоғары оқу орнын білдіреді.

1.4.4. «Қабылдаушы ЖОО» білім туралы құжат бермейтін, алмасуға қатысу үшін жіберуші ЖОО студенттерін қабылдайтын жоғары оқу орнын білдіреді.

2. Алмасу шарттары

2.1. Әрбір Тарап іріктеудің келесі критерийлеріне сәйкес алмасу бағдарламалары шеңберінде оқуға кандидаттарды дербес іріктейді:

2.1.1. Қатысушылар: алмасуға қатысуға құқығы бар студенттер алмасу өтетін оқу жылы ішінде екі тараптағы университеттер ұсынатын бакалавриат немесе магистратура курстарына қабылданған болуы тиіс.



2.1.2. Ұзақтығы: таңдалған студент(тер) бір семестр немесе бір оқу жылы ішінде алмасу бағдарламасына қатысады.

2.1.3. Қатысушылар саны: егер екі оқу орны басқа квотаны анықтамаса, айырбастау бағдарламасы бойынша орын квотасы оқу жылы ішінде екі (2) студенттен тұрады (немесе айырбастау кезеңі бір семестр болса, төрт (4) студенттен тұрады).

2.1.4. Өзара қарым-қатынас: екі оқу орны да жыл сайын алмасуға қатысатын студенттерінің санын қайта қарайды және бағдарлама белсенді болған кезеңдегі алмасу санының тепе-теңдігіне қол жеткізуге тырысады.

2.1.5. Қатысушыларды іріктеу және қабылдау:

* Бағдарламаға қатысатын студенттерді жіберуші ЖОО іріктеп алады, олар өз критерийлеріне сәйкес академиялық үлгерімі мен әрбір кандидат қол жеткізген оқу деңгейін ескеретін болады.

* Барлық алмасуға қатысатын студенттер қабылдаушы университеттің академиялық және лингвистикалық талаптарына сәйкес келуі керек. Қабылдаушы университет әр студенттің барлық талаптарға сай келетіндігін тексергеннен кейін әр студентті қабылдау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

* Студенттерді алмасу бағдарламасына қабылдау ұтқырлық (дис)балансын, қол жетімді орындардың санын және студенттерді қабылдау бойынша оқу орнының мүмкіндіктерін ескеретін қабылдаушы жоғары оқу орнының шарттарына сәйкес келеді.

* Студент (тер) қабылдаушы ЖОО-ға қабылданғаннан кейін, ол(лар) қабылдаушы ЖОО-ға қабылданған кез келген басқа студент (тер) сияқты құқықтар мен міндеттерге ие болады.

2.2. Оқуға қатысатын кандидаттардың тізімін Тараптар алмасу бағдарламаларын іске асыру басталғанға дейін 60 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлау жолымен келіседі.

2.3. Тараптардың әрқайсысы оқу жылы ішінде алмасу бағдарламалары шеңберінде 4-тен аспайтын білім алушыны серіктес университетке оқуға жіберуге құқылы.

3. Білім алушылар мәртебесі

3.1. Алмасу бағдарламалары бойынша білім алушылар серіктес университеттерге қабылдаушы Тараптың ішкі заңнамасына сәйкес қабылданады. Білім алушылардың мәртебесі білім алушылар алмасу бағдарламалары шеңберінде қабылданған білім беру бағдарламасының деңгейіне сәйкес айқындалады.


3.2. Алмасу бағдарламалары шеңберінде оқуға қабылданған білім алушылар қабылдаушы университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және өзге де нормативтік-құқықтық актілерін сақтауға міндетті. Көрсетілген ережелер мен заңдарды сақтамау студенттің қабылдаушы жоғары оқу орнында болуын мерзімінен бұрын тоқтатуға себеп бола алады.

4. Алмасу бағдарламаларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету

4.1. Осы Шартқа сәйкес алмасу бағдарламалары шеңберінде білім алушылар қабылдаушы жоо-да оқу ақысын төлеуден босатылады.

4.2. Егер шартта өзге бап көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және әріптес университеттердің өз нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, білім алушылар (мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын студенттер - мемлекеттік қаржыландыру есебінен) қабылдаушы ЖОО-да оқу барысында жеке шығыстарды, оның ішінде жол жүру шығыстарын және т.б. дербес көтереді. Қабылдаушы университеттің жатақханасында тұруды білім алушылар өз қаражатынан төлейді.

4.3. Ақылы негізде оқитын студенттер үшін Тараптар өз қаражаты есебінен қосымша қаржыландыру және алмасу бағдарламаларын қолдау мүмкіндіктерін қарастыра алады.



5. Алмасу бағдарламаларын іске асыру кезінде білім беру қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібі

5.1. Оқу жоспарларын тараптар ағымдағы жылы оқу процесі басталғанға дейін 60 күннен кешіктірілмейтін мерзімде келіседі.

Алмасу бағдарламалары шеңберінде БҚИТУ-де оқу ұзақтығы 1 семестрді құрайды.

Алмасу бағдарламалары шеңберінде Қызылорда ашық университетінде оқу ұзақтығы 1 семестрді құрайды.

5.2. Алмасу бағдарламалары шеңберінде білім беру бағдарламасының бір бөлігін іске асыру кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының Жоғары білім саласындағы қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілетін білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды пайдаланады.

5.3. Алмасу бағдарламалары шеңберінде білім беру бағдарламасын игеру нәтижелері бойынша және білім алушы білім беру бағдарламасын игеруді аяқтайтын оқу пәні, курс/модуль бойынша аралық аттестаттаудан/қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен жағдайда, Тараптар білім алушыларға серіктес университеттің оқу нәтижелерін тануы үшін негіз болып табылатын оқу кезеңі туралы анықтамалар (Transcript) береді.

5.4. Білім алушылар алмасу бағдарламалары шеңберінде қабылдаушы ЖОО беретін белгіленген үлгідегі білімі және/немесе біліктілігі туралы құжатты және оған қосымшаны алуға үміткер бола алмайды.

6. Тараптардың міндеттері

6.1. Тараптар міндетті:

6.1.1. Алмасу бағдарламалары шеңберінде білім беру бағдарламасының келісілген бөлігін толық көлемде іске асыру;

6.1.2. Алмасу бағдарламасына тікелей қатысатын білім беру қатынастарына қатысушылардың бағдарламаны игеруіні және іске асырын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік кешендерге, электрондық білім беру ресурстарының қолжетімділігіне кепілдік беру;

6.1.3. Білім алушыларды өздерінің жарғыларымен, білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияларымен, мемлекеттік аккредиттеу туралы куәліктермен, білім беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен, білім алушылардың алмасу бағдарламаларын іске асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттерімен таныстыру.

6.1.4. Білім алушыларға алмасу бағдарламасы шеңберінде білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті жағдайлар жасау;

6.1.5. Құпиялылық шарттарын сақтау (жеке тұлғаның қауіпсіздікке: психологиялық, әлеуметтік және т. б. құқықтарына қатысты ақпаратты жария болуына жол бермеу);

6.1.6. Білім алушының жеке басына құрмет көрсету, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа жол бермеу;

6.1.7. Алмасу бағдарламалары шеңберінде білім беру бағдарламасын іске асыру басталғанға дейін 60 күннен кешіктірілмейтін мерзімде серіктес Университетте қабылдау және оқу шарттары туралы білім алушыларды алдын ала хабардар ету.

7. Алмасу бағдарламаларын үйлестіру

7.1. Осы Шарт шеңберінде алмасу бағдарламаларын іске асыруды үйлестіруді әріптес университеттердің академиялық ұтқырлығына жауапты бөлімшелері оқу бөлімдерімен (факультеттер, институттар, академиялар және т. б.) бірлесіп жүзеге асырады.



7.2. БҚИТУ атынан үйлестіруші:

- Курмантаева Бахытгуль Курмантаевна.

Байланыс деректері: E-mail: reception@wkitu.kz, +7 (7112) 50 99 90; +7 701 373 10 63

Қызылорда ашық университеті атынан үйлестіруші:

- Мұхамбетжан Айсұлу Мұхамбетжанқызы

Байланыс деректері: E-mail: ashykuniver@mail.ru, +7 (7242) 24 60 47, +7 7072021275

7.3. Тараптар алмасу бағдарламалары шеңберінде оқытуды ұйымдастыру және қорытындылау бойынша тұрақты консультациялар өткізеді.

8. Шарттың қолданылу мерзімі. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі

8.1. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

Тараптардың қарсылықтары болмаған кезде, Шарттың қолданылу мерзімі келесі 5 (бес) жылға ұзартылуы мүмкін. Шартқа өзгерістер Тараптардың өзара келісуі бойынша енгізіле алады.

8.2. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша келісімге қол қою арқылы өзгертілуі мүмкін.

8.3. Осы Шартты тоқтатқысы келетін Тарап бұл туралы екінші Тарапқа болжамды бұзудан 90 күн бұрын жазбаша нысанда мәлімдеуге тиіс.

8.4. Мекенжайлар мен төлем деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін болжамды өзгерістерге дейін 60 күннен кешіктірілмейтін мерзімде хабардар етуге міндеттенеді.

9. Тараптардың жауапкершілігі және форс-мажорлық жағдайлар

9.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

9.2. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау осы Шарт жасалғаннан кейін Тараптар болжай алмайтын немесе алдын ала алмайтын төтенше сипаттағы мән-жайлар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажорлық мән-жайлар) салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

9.3. Осы Шарттың 9.2-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде әрбір Тарап олар туралы екінші Тарапқа кідіріссіз жазбаша түрде хабарлауға тиіс.


Хабарламада мән-жайлардың сипаты туралы деректер, сондай-ақ осы мән-жайлардың болуын куәландыратын және мүмкіндігінше Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігіне олардың әсерін бағалауды көрсететін ресми құжаттар болуға тиіс.

9.4. Осы Шарттың 9.2-тармағында көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

10. Дауларды шешу

10.1. Осы Шарттың талаптарын орындау кезінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге ұмтылатын болады.

10.2. Келіссөздер жолымен реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.



11. Қорытынды ережелер

- 11.1. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюға тиіс.
- 11.2. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін 1 данадан келетін 2 данада, мемлекеттік (қазақ) тілде жасалды.
- 11.3. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.
- 11.4. Тараптар бұл Шартты бірлескен қызмет туралы шарт бойынша міндеттемелерге әкеп соқпайтын және қаржылық міндеттемелердің туындауын көздемейтін декларативтік құжат ретінде қарайды. Тараптар, сондай-ақ, осы Шарт шеңберіндегі ешқандай іс-әрекеттер Тараптардың өкілеттіктері мен құқықтарына нұқсан келтіре алмайтындығына негізделеді. Барлық жағдайларда бұл Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде ғана қолданылады.
- 11.5. Шарттың қолданылу кезеңінде Тараптар міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат алмаса алады. Өзара іс-қимыл Шартта көрсетілген байланыстар бойынша электрондық нысанда жүзеге асырылады.

12. Тараптардың деректемелері мен қолдары

«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі

Мекен-жайы: 090000, Қазақстан Республикасы, Орал қ.,
Н. Назарбаев даңғылы, 208
Тел: +7 (7112) 50-99-90;
E-mail: reception@wkitu.kz
Сайт: <https://www.wkitu.kz/>

«Қызылорда ашық университеті» білім беру мекемесі

Мекен-жайы: 120016, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.,
Ғ.Мұратбаев көшесі 72
Тел: +7 (7242) 24-60-47
E-mail: ashykuniver@mail.ru
Сайт: <https://ouk.edu.kz/>

Ректор
Шакешев Бекбулат Темержанович



« 4 » 01 2024 ж.

Ректор
Бисенов Қылышбай Алдабергенович



« 4 » 01 2024 ж.